



Автор: Алибекова Перизат Сатыбалдина

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Менің отбасым. Қ дыбысы мен әрпі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.9.2. дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну. 1.1.8.1. берілген сюжетті сурет бойыншашағын әңгіме құрап айту.
Сабақтың мақсаты:	Білу және түсіну
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминдер Отбасы –семья-family Қоян-заяц- hare Қуыршақ-кукла-doll
Күтілетін нәтиже:	оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі
Бағалау критерийлері:	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады; *Сюжетті суреттерді сипаттайды. * Сюжетті суреттерді реті бойынша әңгіме құрастырып айтады.
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд, видео
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	Менің отбасым. Қ дыбысы және әрпі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (бмин)	Ұйымдастыру. Оқушыларды түгендеу, назарын сабаққа аудару Психологиялық ахуал Қуан шаттан! Қуан шаттан! Қуанатын келді күн. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін. Сәлеметсіздер ме! Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз дос болайық! Бәріміз тату болайық! Қатар-қатар тізіліп Қолымызды түсіріп Түп-түзу болып отырайық.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30мин)	<p>Ой қозғау</p> <p>Дыбыс дегеніміз не?</p> <p>Дыбысты естиміз. -Әріп дегеніміз не?</p> <p>Әріпті жазамыз.</p> <p>-Дыбыстар нешеге бөлінеді?</p> <p>Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстар</p> <p>-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?</p> <p>Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырамайды.</p> <p>мысалы: А,о,ө, ү, е, ы, і, э -Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?</p> <p>Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырайды. Олар: б,в,г,ғ,д,ж,з,н,х,т,с,м т,к</p> <p>-Балалар дыбыстардан не құраймыз?</p> <p>-Буын. -Буыннан не құраймыз?</p> <p>-Сөз. -Сөзден не құраймыз?</p> <p>-Сөйлем. Ал ,балалар!</p> <p>Біз өткен сабақта қай дыбыспен таныстық.</p> <p>-Қ дыбысы -Қ дыбысы қандай дыбыс?</p> <p>-Дауыссыз -Қане тыңдап көрейік.</p> <p>-Балалар ертегі тыңдағыларың келе ме?</p> <p>Кел,тыңдайық ертегі, Ертегі сыр шертеді.</p> <p>Талай ғажап оқиға Естіген жан елтеді.</p> <p>-Ерте,ерте ертеде ну орманда көптеген ағаштар өсіп,құстар сайрап,аңдар тіршілік етіпті.Түн болып,орман да,ормандағы аңдар да тіршілік біткеннің барлығы мүлгіп ұйқыға кетіпті.Тым-тырыс.Сәлден соң тау арасынан күн де суреттер сығалады.Қалың ағаш үстінен шыққан бір құстың үні орманды жап-жақсы жаңғыртып жібереді.</p> <p>-Ол қандай құс?</p> <p>-Тоқылдақ</p> <p>-Тоқылдақты,орман емшісі дейді.Себебі ол ағаштағы құрт-құмырсқаларды жеп емдейді екен. Сонымен,тоқылдақ «Ерте тұрып,еңбек етсін» деген оймен теректің басына қонып айғай салады. Тоқылдақ: Тоқ-тоқ-тоқ Күн шықты енді ұйқы жоқ ,-деп теректің қабығын қаққылап жатады.Тоқылдақтың айғайына ызаланып,ұйқысы қанбаған аңдар ояна бастайды.Кейбір аңдар тоқылдақтың айғайын елемей,ұйықтап жата береді. -Ол қандай аңдар екен? Жұмбақ Қалқиған екі құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян) Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. (Қонжық) Аузы бейне шалғы,орақ, Шөп емес,бірақ мал орады. (Қасқыр)</p> <p>-Балалар! Қ дыбысы буынның басында, буынның ортасында және буынның аяғында берілеген сөздерді атайық. Бұл аңдар да оянып,ашуға булығып,ызалана бастайды.Аңдардың барлығын ашуландырып алған тоқылдақ,енді олармен достасудың амалын іздейді. Балалар ол бізден көмек сұрайды.Бізге тоқылдақ бірнеше тапсырма береді. Сол тапсырмаларды орындасақ,тоқылдақ аңдармен қайта достасады екен. Қане балалар қандай тапсырма екен көрейік.</p> <p>1 тапсырма:</p> <p>Оқулықпен жұмыс.</p> <p>№1.Оқылым</p> <p>№2.Айтылым Оқы. Анам ас дайындады. Ол қасық, шанышқы алды. Мен атамды тамаққа шақырдым. Тамақ пісті. Артынан ыстық шай іштік.</p> <p>-сөздерді буындап немесе тұтас оқиды</p> <p>-түсінгендерін баяндайды;</p> <p>2 тапсырма 62-бет</p> <p>Тәжірибе жасау. Берілген суретті қатыстырып, тәжірибе жасап, қарама-қарсы сөздерді табамыз. Арома терапия дегеніміз иіс сезу мүшелерінің жұмысын қадағалау. Адамдар да болатын иіс сезу мен қатар дәм сезу мүшелерінде тексере кетейік. Қазір күз мезгілі, күн суық, ауада әр түрлі микробтар бар, адамдар жиі тұмаумен, суыққа шалдығып ауыратын кез. Осы кесел, ауру адамды меңдемес үшін әр түрлі шөптерден, жемістердің жапырақтарынан даярланған шайлар мен дәрумендер яғни (витаминдер) ішіп, денсаулықты нығайту керек. Қазір сіздерге осы мақсатта даярланған шайлар таратылып беріледі. Сіздер оны ішіп, дәмі қандай, Қай жемістің жапырағынан жасалғанын анықтап, не татиды, соны айтып бересіздер.</p> <p>Ормандағы аюдың</p> <p>Құлпынайы көп екен.</p> <p>Теріп-теріп алайық</p> <p>Қалтамызға салайық.</p> <p>3 тапсырма:</p> <p>№3. Жазылым</p> <p>4 тапсырма.</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (3мин)	Үйге тапсырма: 3-тапсырма 62-бет	
Рефлексия (1мин)	Кері байланыс «БББ» кестесі Білемін Білгім келеді Білдім	